Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 257 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32921 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 171-бабының 4-тармағына және 230 -бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрі *Т. Дуйсенова*

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,
инновация және аэроғарыштық
өнеркәсіп министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 27 маусымдағы
№ 257 бұйрығына
1-қосымша

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (анықтау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 171-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қараудың тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызметті көрсету нысаны;

3) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – " Зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды электронды тағайындау жүйесі;

4) зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар , "Қазпочта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

5) зейнетақы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (көрсетілетін қызметті беруші) (бұдан әрі – зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган) – уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;

6) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі – уәкілетті мемлекеттік органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

7) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

8) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

9) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар (бұдан әрі – жәрдемақы) – азаматтарға мүгедектік туындаған кезде берілетін, бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ай сайынғы ақшалай төлемдер;

10) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушы (бұдан әрі – алушы) – мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалған жеке тұлға;

11) орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – Әлеуметтік кодексте белгіленген жағдайларда төлем түрлерін жүзеге асыруға арналған уәкілетті мемлекеттік органның орталықтандырылған дерекқоры;

12) проактивті көрсетілетін қызмет – қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша берілетін қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы берілген келісімі міндетті түрде қажет болатын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

13) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Қордың қызметін реттеу, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) цифрлық құжаттардың сервисі – операторға бекітілген және цифрлық объектісіндегі мәліметтер негізінде қалыптастырылған құжаттарды электронды түрде көрсетуге және пайдалануға арналған "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісі;

15) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

16) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – АЦЖ "Е-макет") – "Электрондық зейнетақы төлемдері мен жәрдемақылар жүйесі" автоматтандырылған цифрлық жүйесі;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.03.2024 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидаларды бекіту немесе өзгерту күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына, жәрдемақыны тағайындау бойынша уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға және "цифрлық үкіметтің" операторына жолдайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жәрдемақыға құқығы туындағаннан кейін жәрдемақы тағайындау үшін жүгіну кез келген уақытта жүзеге асырылады.

Жәрдемақы мүгедектік белгіленген күннен бастап, бірақ оны тағайындауға жүгіну күніне дейін немесе Заңға сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алған күнге дейін үш айдан аспайтын мерзімге тағайындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жәрдемақы алуға құқығы бар адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – өтініш) мыналар арқылы ұсынады:

1) Мемлекеттік корпорация арқылы;

2) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі арқылы – мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша өтініш осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін "бір өтініш" қағидаты бойынша беріледі;

3) портал арқылы;

4) проактивті қызмет арқылы – жәрдемақы тағайындау кезінде проактивті қызмет арқылы өтініш беру талап етілмейді.

2-тарау. Жәрдемақыны тағайындау тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік корпорация арқылы жәрдемақыны тағайындау тәртібі

6. Жәрдемақы алуға құқығы бар адамдар (бұдан әрі – өтініш беруші) Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және сәйкестендіру үшін жеке басты куәландыратын құжатты ұсынады.

Бұл ретте, "бір өтініш" қағидаты бойынша өтініш берушінің таңдауы бойынша белгіленген тәртіппен мүгедектігі бар адам деп танылған адамдар осы Қағидаларға 2-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді тағайындау үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш беруі мүмкін.

Қандас мәртебесі бар адамдар жәрдемақы тағайындауға жүгінгенде сәйкестендіру үшін қандас куәлігі ұсынылады.

Іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі немесе қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа мұқтаж адамдарға жәрдемақы тағайындау үшін өтінішті олардың заңды өкілдері береді.

Жәрдемақы тағайындау үшін өтінішті Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша үшінші тұлғалар береді.

Егер заңдар мен халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығымен бекітілген Құжаттарды заңдастыру қағидаларына (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізбесінде № 16116 тіркелген) сәйкес тәртіпте құжаттар заңдастыруға жатады.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.

7. Құжаттарды қабылдайтын маман "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – ЦЖ) сұраулар қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға – өтініш берушінің жеке басын куәландыратын және тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

"АХАЖ" (азаматтардың хал актілерін жазу) ЦЖ-ға – баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ұлттық білім беру деректер қоры" ЦЖ-ға – кәмелетке толмаған балаға (балаларға) қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы мәліметтері бойынша;

"Төрелік" автоматтандырылған цифрлық талдамалық жүйесінде – бала (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша;

"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер қоры" ЦЖ-ға – мүгедектікті белгілеу туралы мәліметтердің болуына сұрау салуды қалыптастырады.

Өтініш электрондық не қағаз түрінде беріледі, оған қол қойылады немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-мен, сондай-ақ ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы куәландырылады.

ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке тиісті құжаттар қоса беріледі.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттардың сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жәрдемақыны тағайындау үшін осы Қағидалардың 5-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа, мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған дерекқорынан өтініш берушіге мүгедектік белгілеу туралы мәліметтер сұратылады.

Мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорында мәліметтер болмаған жағдайда өтінішке мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Бар-жоғына қарай мынадай құжаттардың біреуі ұсынылады:

1) Радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық кеңестің шешімі;

2) Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі;

3) госпиталь берген ауруы туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;

4) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

5) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию/бұзу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы/қамқоршы тегін өзгерткен кезде).

Әлеуметтік кодекстің 177-бабының 6-тармақшасына сәйкес мүгедектік кезеңінде асыраушысынан айырылған бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға жәрдемақыны тағайындау кезінде аталған адамдардың қайтыс болған асыраушысының асырауында болуын растау туралы сот шешімі ұсынылады.

9. "Мүгедектігі бойынша бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес регламенттелген.

10. Өтініш беруші жәрдемақыны немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, жасына байланысты немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жүгінген кезде өтінішті қабылдаушы өтініш берушінің тағайындау немесе төлем тағайындауға өтініш беру фактісінің болуына тексеруді жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ көрсетілген төлемдердің бірін тағайындау немесе оларды тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге мүлтіксіз осы Қағидалардың 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден жәрдемақы тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ ЦЖ-дан алынған мәліметтерді тексереді, электронды құжаттардың көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарына сәйкес ұсынған тұпнұсқаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Әлеуметтік кодекстің 172-бабының 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздемелер болған кезде өтініш берушіге кідіріссіз осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

13. Көрсетілетін қызметті алушы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар бала тәрбиелеушіге жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді тағайындауға "бір терезе" қағидаты бойынша жүгінгенде МӘС бөлімшесі өтінішті қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде электрондық өтініштен, құжаттардың электрондық көшірмелеріне тұратын жәрдемақы тағайындау бойынша электрондық өтінімді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны жәрдемақы тағайындау туралы өтініш осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде жәрдемақыны тағайындау (қайта есептеу) туралы азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі. МӘС бөлімшесі және портал арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

15. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат жібереді (өтініш берушінің өзі жеке жүгінген жағдайда қолхат қағаз форматта беріледі).

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жәрдемақыны портал арқылы тағайындауға жүгіну тәртібі

16. Өтініш беруші мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және өтініште көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-ға сұрау салу мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін осы Қағидалардың 8-қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және " Е-макет" АЦЖ-ға жібереді.

Жәрдемақы тағайындауға ұсынылған портал арқылы келіп түскен электрондық өтініш "Е-макет" АЦЖ-да мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;

2) жәрдемақы немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, жасына байланысты немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау, төлеу, сондай-ақ тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болғанда өтініш өңдеуге арналған "Е-макет" АЦЖ-да кіріс хабарламалар журналына ауыстырылады.

Жәрдемақы тағайындауға портал арқылы жүгінген өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Жәрдемақыны тағайындауға проактивті қызметтер көрсету тәртібі

17. Әлеуметтік кодекстің 171-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша жәрдемақы тағайындауға құқық туындаған кезде, "Е-макет" АЦЖ-да арқылы

абоненттік ұялы байланыс құрылғысының телефон нөмірі тіркелген жағдайда порталда көрсетілетілен қызметті алушыға жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама дайындалады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Көрсетілетін қызметті алушыдан проактивті қызмет көрсетуге келісім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан басқа да қажетті мәліметтерді алғаннан кейін, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы шектелген қолжетімділік, банк шотының нөмірін беру немесе растау туралы хабарлама жіберіледі.

Жәрдемақы тағайындауға келісім алған күн проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға жүгінген күн болып есептеледі.

Жәрдемақы тағайындау мерзімі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім берілген күннен жеті жұмыс күнін аспауы тиіс.

19. Жәрдемақыны проактивті қызмет арқылы тағайындаған кезде қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ сұрау салу осы Қағидалардың 7-тармағымен көзделген "Е-макет" АЦЖ арқылы жүзеге асырылады.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемді тағайындау фактісін растайтын мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органдардың ЦЖ арқылы алынған кезде мемлекеттік қызмет көрсету процесі аяқталады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі электрондық мәліметтерден тұратын электрондық өтінімді тіркейді, электрондық шешім жобасымен ЭІМ қалыптастырады және ЭЦҚ куәландырады.

20-1. Көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы немесе ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы келіп түскен жалпы ауруға шалдығу немесе жұмыста мертігу себептері салдарынан мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындауға келісімін алған жағдайда "Е-макет" АЦЖ осы Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың тағайындауға өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінішті автоматты түрде тіркеуді жүзеге асырады, содан кейін өтініш берушіге уәкілетті органның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтінішті қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген жағдайда өтініш берушіге электрондық өтініштен бас тарту туралы хабарламаны автоматты түрде ұсынады.

Ескерту. 2-тарау 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Жәрдемақы мөлшерін есептеу (анықтау), төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қалпына келтіру, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібі

21. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны бір жұмыс күні ішінде тағайындауға ЭІМ-ді және шешім жобасын қалыптастырады.

Қалыптастырылған ЭІМ жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, ЭІМ-ді ресімдеудің және жәрдемақыны есептеудің дұрыстығын тексереді.

21-1. Портал және "Е-макет" АЦЖ ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы келіп түскен өтініштер бойынша жалпы ауруға шалдығу немесе жұмыста мертігу себептері салдарынан мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау кезінде автоматты түрде:

осы Қағидалардың 11-қосымшаға сәйкес мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы шешімнің ЭІМ және электрондық жобасын қалыптастырады, көрсетілетін қызыметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ арқылы шешімнің электрондық жобасын бекітеді;

ЭІМ-да тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда, мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешімді қалыптастырады.

"ОДҚ" АЦЖ-да төлеуге шешімнің электрондық жобасын қоюды автоматты түрде жүзеге асырады

Ескерту. 3-тарау 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жәрдемақы мөлшері Әлеуметтік кодекстің 177-бабына сәйкес анықталады.

23. Жәрдемақы мөлшерін тағайындаған және есептеу кезінде тиындармен есептелген барлық сома, тиындардың сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады.

Ескерту. 23-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 02.07.2026 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Жәрдемақы тағайындау мерзімі Мемлекеттік корпорацияда барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш тіркелген күннен бастап немесе Заңға сәйкес проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен аспайды.

Жалпы ауруға шалдығу немесе жұмыста мертігу себептері салдарынан мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындауға портал немесе ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы жүгінген жағдайда жәрдемақы тағайындау мерзімі өтініш тіркелген күннен бастап бір жұмыс күнінен аспайды.

Жәрдемақы мүгедектік белгіленген күннен бастап, бірақ оны тағайындауға өтініш берген күнге дейін немесе Заңға сәйкес проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алған күнге дейін үш айдан аспайтын мерзімде тағайындалады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган келіп түскен ЭІМ-ді қарайды және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақыны ЭІМ-ге түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Бас тарту үшін негіздеме анықталғанда, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге жәрдемақы тағайындаудан (төлемді өзгертуден, қалпына келтіруден) бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Өтініш берушінің алдын ала шешім бойынша қарсылығын зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган тыңдау нәтижелері бойынша тағайындау (төлемді қалпына келтіру, тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау) туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қарау мерзімі өткенге

дейін бір тәуліктен кешіктірмей қарау нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Егер жәрдемақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге қосымша құжаттарды қоса тіркеу қажет екені анықталса зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган ЭІМ-ні қайтарады және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы хабарлама жібереді. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабарлама немесе ұялы телефонға sms-хабарландыру алған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну туралы, оның ішінде ұялы телефонға sms-хабарландыру жіберу арқылы хабардар етеді. Sms-хабарландырулар осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілетін мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға sms-хабарландырулардың электрондық журналында тіркеледі.

Өтініш берушіге хабарлама жіберілгеннен кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ЭІМ-де бар деректер негізінде шешімнің электрондық жобасын қалыптастырады және жәрдемақы тағайындау туралы шешім қабылдау үшін зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Егер жәрдемақы тағайындау үшін талап етілген құжаттар отыз жұмыс күні ішінде ұсынылса, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақы төлемдеріне құқық пайда болған күннен бастап төлемді тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешімнің электрондық жобасын зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекіту үшін жібереді.

ЭІМ-де, оның ішінде портал арқылы қабылданған өтініштер бойынша жәрдемақы тағайындау (төлемді өзгерту, қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін жетіспейтін құжат болмаған жағдайда, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

27. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылданған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының хабарламалар журналына тіркей отырып, оны өтініш берушінің өзі келген кезде береді.

Егер жәрдемақы тағайындауға өтініште мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы

хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлар жіберу арқылы автоматты режимде жолданады.

Sms-хабарлар осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

Порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

28. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші жүгінген кезде қол қойдыра отырып осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес беретін куәлік алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылады.

Куәлікті беру осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлікті тіркеу журналында тіркеледі.

Куәлікті алуға үшінші тұлғалар жүгінген жағдайда куәлік Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша беріледі.

Куәлігін жоғалтқан жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының өтініші бойынша куәліктің телнұсқасын жазып береді. Оң жақ үстіңгі бұрышына " Телнұсқа" деген белгі қойылады.

Жәрдемақының түрі немесе мөлшері өзгерген не тұрғылықты жері өзгерген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі куәлікке қосымша бетте жүргізілген өзгерістер туралы тиісті жазба жасайды.

29. Жәрдемақыны тағайындаудан бас тарту туралы шешім мынадай негіздер бойынша қабылданады:

1) жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) өтініш берушінің және (немесе) жәрдемақыны тағайындау үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.

30. Көрсетілетін қызметті алушы ҚР ӘРПК 91-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға құқылы.

31. Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға беріледі.

32. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі жоғары тұрған әкімшілік органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жібереді.

33. Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

34. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін қызметті берушіге түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ҚР ӘРПК-нің 73-бабымен көзделген тыңдау рәсімін сақтай отырып қарауға жатады.

36. Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік тәртіппен (сотқа дейінгі) шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арттыруға, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты жәрдемақының мөлшерін өзгерту осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін арттыру туралы шешімдерінің негізінде жүргізіледі.

39. Сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) адам үшін төлем алатын қамқоршы (қорғаншы) ауысқан, мүгедектік тобы өзгерген жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жәрдемақыны тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын дайындайды.

Алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген кезде ОДБ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 02.07.2026 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Мүгедектігі бар адам зейнеткерлік жасқа жеткен кезде жәрдемақыны төлеу тоқтатылады немесе Әлеуметтік кодекстің 177-бабының 8-тармағына сәйкес алып

отырған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып қайта қаралады.

41. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның жәрдемақыны тағайындау туралы шешімдерінің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған жәрдемақы сомаларын ай сайын, төлем айының алдындағы айдың 27-күніне Министрлік ұсынылатын, төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.

42. Министрлік тиісті кезеңге төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде төлеуге қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.

43. Министрлік төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сома шегінде жүзеге асырады.

44. Төлейтін айға қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін пайда болған сомалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес одан кейінгі айға қосылуға тиіс.

45. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алып, төлеу графигіне сәйкес жәрдемақыны төлеуге төлем тапсырмаларын, сондай-ақ олардан ұстап қалуларды қалыптастырады.

46. Жәрдемақыны төлеуді Мемлекеттік корпорация:

баланы (балаларды) қабылдайтын отбасыға беру туралы және (немесе) патронат туралы шарт бойынша отбасындағы балаларға жәрдемақыны аудару баланың өз шотына жүзеге асырылады;

зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына аудару;

"Қазпошта" акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушыларға үйлеріне жеткізіп беру жолымен жүргізеді.

Алушының банк шотының нөмірі, төлеу тәсілі, алушының (қамқоршының, қорғаншының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар, қорғаншылар) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның бөлімшесіне осы өзгерістер туралы, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен қоса өтініш береді.

Зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның ЭЦҚ-сымен куәландырылған алушының келісімі болған кезде банк шотын және (немесе) төлем тәсілін өзгертуге өтінішті және банк шотының нөмірін зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым Мемлекеттік корпорацияға, оның ішінде электрондық байланыс арналары арқылы береді.

47. Жәрдемақыны үйге жеткізіп беру мынадай санаттағы адамдарға:

Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдар мен қатысушыларына;

сексен жасқа толған жәрдемақылар алушыларға;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

почта байланысының автоматтандырылған бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

48. Алушыларға жәрдемақыны төлеу бойынша өзара қарым-қатынас, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзгеше белгілемесе, Мемлекеттік корпорация мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалған шарттар негізінде регламенттеледі.

49. Жәрдемақыны төлеумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

50. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидалардың 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемін тоқтата тұру туралы шешімінің Әлеуметтік кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген негізінде мәліметтер, соның ішінде цифрлық жүйелерден келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады.

Жәрдемақы төлеуді уақтылы тоқтата тұруды қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті осы Қағидаларға 21-1-қосымшаға сәйкес іздестіруде жүрген хабарсыз жоғалған адамдардың электрондық тізімдерін ай сайын Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 31.12.2025 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруды тудырған жағдайлардан болуын растайтын соның ішінде ЦЖ-дан алынған құжаттар мен (немесе) мәліметтер негізінде өтініш бойынша қалпына келтіреді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемін тоқтату туралы шешімінің Әлеуметтік кодекстің 179-бабының 3-тармағында көзделген

негізінде мәліметтер, өтініштер мен сұратулардың келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады.

Өтініш берушінің негізсіз бастапқы тағайындауға алып келген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталу себебі бойынша жәрдемақыны төлеу тоқтатылғанда осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жаңа тағайындау процедурасы жүргізіледі.

Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің негізсіз бастапқы тағайындауға алып келген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталу себебі бойынша төлемді тоқтату туралы шешім бекітілген кезде алушы тарапынан заңсыз жәрдемақы алуда қылмыс құрамының болуы немесе болмауы фактісін белгілеу үшін құқық қорғау органдарына жүгінеді.

Жалған құжаттар ұсыну туралы сот шешімін шығарған кезде жәрдемақыны төлеу бастапқы тағайындау кезінен бастап тоқтатылады.

Жәрдемақы төлеуді уақтылы тоқтатуды қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері (бұдан әрі - шет елдегі мекемелер) осы Қағидаларға 22-1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматының қайтыс болуы туралы мәліметтерді шет елдегі мекемелерге келіп түсуіне қарай Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 31.12.2025 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Егер мүгедектігі бар адам белгіленген мерзімде қайта куәландыру үшін медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне келмесе, онда оған жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрады, ал оны мүгедектігі бар адам деп қайта таныған жағдайда тоқтатылған күннен бастап, егер медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, бірақ бір айдан аспайтын уақыт үшін төлем қайта басталады.

Қайта куәландыру мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған кезде жәрдемақыны төлеу төлем тоқтатылған күннен бастап қайта кәуландырудан өткен айды қоса алғанда, егер медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, бірақ үш жылдан аспайтын уақыт үшін жүргізіледі. Бұл ретте, егер қайта куәландыру кезінде мүгедектігі бар адам мүгедектіктің басқа (неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен) тобына ауыстырылса, онда көрсетілген уақыт үшін жәрдемақы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұрынғы топ бойынша төленеді
.

54. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыдан ұстап қалуға атқарушылық іс жүргізу құжаттары келіп түскен жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ОДБ-да ұстап қалуды жүргізеді.

Алушының жәрдемақысынан ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттің корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы сомасынан ұстап қалу туралы шешімі негізінде ұстап қалуды жүргізеді.

55. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің қызметкерлері қайтыс болу, кету фактілері туралы төлемді тоқтата тұру немесе алып тастау, төлемді қалпына келтіру, сондай-ақ алушылардың қайтыс болуына, кетуіне, төлемдерді тоқтата тұруға байланысты қажеттілік сомаларын азаю жағына қарай түзету жөніндегі негіздемелер, іс-әрекеттер белгіленген ұстап қалу сомалары туралы ОДҚ-да күн сайын жазбалар жасайды.

56. Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда жәрдемақыны жаңа мөлшерде төлеу мүгедектік тобы өзгерген күннен бастап жүзеге асырылады.

Қайта куәландырылушы еңбекке қабілетті деп танылған жағдайда, жәрдемақы оны еңбекке қабілетті деп таныған айды қоса алғанда төленеді.

57. Жәрдемақының артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Жәрдемақының сомалары қате аударылған жағдайларда Мемлекеттік корпорация зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға Мемлекеттік корпорация және зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасындағы шартта белгіленген нысан бойынша және тәсілмен төлем тапсырмасын кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпарат жолдайды.

Зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым қате аударым не кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпараттың негізінде ақшаны Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не нұсқауды орындауды тоқтата тұрады.

59. Өздеріне қатыссыз себептер бойынша алушыларға артық аударылған (төленген) жәрдемақы сомаларын есептен шығару үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі борышкердің қайда екені белгісіз болуына, борышкердің (жауапкердің) жеке басын анықтау мүмкіндігінің немесе мұрагері болмауына байланысты сомаларды қайтару мүмкін еместігі туралы заңды фактіні белгілеу туралы сот актісін шығару үшін өтінішпен қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен сот органдарына жүгінеді.

Мемлекеттік корпорация артық аударған (төлеген) сомаларды есептен шығару:

сот актілері (шешімдер, үкімдер, қаулылар, соның ішінде негізсіз баю ретінде алған ақшалай қаражатты қайтаруға жатпайтын сияқты азаматтық заңнамадағы белгіленген негіздер бойынша артығымен аударылған (төленген) сомаларды төлеттіру туралы қуыным талабын орындауда, сондай-ақ талап қою мерзімін қолдануда бас тарту туралы ;

жауап берушінің (қарыз алушы, айыпталушы) қайтыс болуына байланысты іс бойынша өндірістің тоқтауы туралы сот актілері (қаулылар, анықтаулар);

борышкердің қайтыс болуына және мұрагері болмауына байланысты атқарушылық өндірісті тоқтату туралы жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу жөніндегі аумақтық бөлімнің қаулысы негізінде есептен шығару актісі бойынша жүргізіледі.

60. Жәрдемақыны төлеу жүзеге асырылатын жәрдемақы алушылардың істері (қолданыстағы істер) қолданыстағы істер архивінде сақталады.

ЭІМ зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінде тұрақты түрде сақталады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған жәрдемақы алушылардың істері алушының өзі немесе отбасының мүшелері (мұрагер) жүгінгенге дейін "Бақылауда" деген белгімен қолданыстағы істерден бөлек сақталады.

62. Жәрдемақы алушы ісінің телнұсқасын қалпына келтіру зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде жүргізіледі.

Жәрдемақы алушылар істерінің қалпына келтірілген телнұсқасының мұқабасында оң жақ үстіңгі бұрышына "Телнұсқа" деген белгі қойылады.

63. ЦЖ олардың тағайындалуына сәйкес ЦЖ үзіліссіз жұмыс істеуі мен өзектілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтамасыз етеді. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дәйектілігін, өзектілігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық өзара іс-қимыл ЭЦҚ қолдана отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасындағы Бірыңғай көлік ортасы арқылы жүзеге асырылады. Ақпарат алмасу кезінде ақпаратты қорғау мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған

көлік ортасы есебінен де, сол сияқты техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар есебінен де қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 63-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін ЦЖ-да мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 64-тармақ- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Тұрғылықты жері өзгерген кезде жәрдемақы төлеу тәртібі

65. Қазақстан Республикасы ратификациялаған зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдерге қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген мүгедектігі бойынша зейнетақы (жәрдемақы) алушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде тұрғылықты жерін ауыстырған жәрдемақы алушылар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы ісіне сұрау салуға өтініш береді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақы ісіне сұрау салуды өтініш берушінің бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

66. Қазақстан Республикасы ратификациялаған зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдерге қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көзделген құжаттарды зейнетақы ісі түскен соң ұсынады.

67. Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне кеткен адамның жәрдемақы алушының ісі (бар болса) Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің электрондық сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күн ішінде алушының бұрыңғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электронды сұрау салу жолдайды.

Алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі сұрау салу келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық анықтама-аттестатты қалыптастырады және филиал арқылы алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жолдайды.

68. Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының осы Қағидаларға 20-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша өтініші негізінде жәрдемақы алушының ісін алушының қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ЭІМ негізінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы алушының ісінің қағаз нұсқасын қалыптастырады және алушының қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетушілерге жәрдемақыны төлеу ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарылған айға қоса жүргізіледі.

2-параграф. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарға жәрдемақыны төлеу тәртібі

69. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жәрдемақы алуға құқығы бар адамға жәрдемақы өтініштің және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне мекеме әкімшілігі ұсынатын, осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында көзделген құжаттардың негізінде тағайындалады.

70. Егер адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне орналастырылған сәтте жәрдемақы алушы болып табылса, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорация қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі осы Қағидалардың 65 және 67-тармақтарына сәйкес ұсынған, көрсетілген адамның өтініші негізінде жәрдемақыға төлемді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

71. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының жеке ісін алғаннан кейін жәрдемақыны аудару үшін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының деректемелерін көрсете отырып оны есепке қояды.

3-параграф. Интернаттық және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға жәрдемақыны төлеу тәртібі

72. Қамқоршы (қорғаншы) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне адамды іс-әрекетке қабілетсіз (іс-әрекетке қабілеті шектеулі) деп тану туралы және қамқоршылық және қорғаншылық белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесін не қамқоршылық және қорғаншылық органының шешімін және қамқоршылықты (қорғаншылықты) растайтын құжатты ұсынады.

Интернаттық мекемелерде (ересектерге арналған немесе ақыл-есі кем балаларға арналған жалпы және арнаулы үлгідегі интернат-үй және басқалар) және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында орналасқан

жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидалардың 65 және 67-тармақтарына сәйкес алынған құжаттар негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға тіркелген күніне дейінгі кезеңге төленбеген жәрдемақы сомалары алушының банк шотына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

73. Мемлекеттік корпорация жәрдемақыны (төлеу айына қажеттілік қалыптастырылғаннан кейін пайда болған сомаларды) төлеуді Әлеуметтік кодекстің 177-бабының 5 және 6-тармақтарында айқындалған мөлшерде және көлемде алушының мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында түскені (одан шыққаны) туралы ақпарат ЦЖ-ға енгізілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Әлеуметтік кодекстің 177-бабының 5-тармағында белгіленген жәрдемақының көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға жәрдемақылар сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тіркелген күніне дейінгі кезеңге төленбеген жәрдемақы сомалары алушының банк шотына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

Ескерту. 73-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ алушының шыққаны туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қалпына келтіреді.

Ескерту. 74-тармақ - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратын адамдарға және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға жәрдемақы зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған олардың банк шоттарына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

Мүгедектігі бойынша
мемлекеттік әлеуметтік
жәрдемақылар мөлшерін есептеу
(анықтау), оларды тағайындау,
төлеу, тоқтата тұру, қайта
есептеу, қайта бастау, тоқтату
және тағайындау

(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 31.12.2025 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні _____ жылғы "___" _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы _____

Облыс _____

қала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер_____

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: _____

Маған _____ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауды (қалпына келтіруді) сұраймын.

Бұрын маған мүгедектіктігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы/зейнетақы, жасына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тағайындалған/ тағайындалмаған (қажет емесі сызылып тасталсын).

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне алып келетін барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлауға келісім беремін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аудару үшін

жеке банк шоты ашылғанда, осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуына жол берілмейді.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескерту
1			

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің деректерімді беру, оның ішінде деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру құқығымен төлемді тағайындау, қалпына келтіру, қайта есептеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес Мемлекеттік корпорациясының өз міндеттемелерін орындауы кезінде менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін кез келген тәсілмен жинауға және өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Өзімді банк шотының иегері және екінші денгейдегі банктердегі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті банк операцияларының түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірлері туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

өтініш берген күн: 20__ жылғы "___" _____

өтініш берушінің қолы/ЭЦҚ/sms-хабарламалар _____

Өтінішке қол қою мерзімі мен уақыты

"___"._____._____жылғы____сағат ____ минут ____ секунд

---------- (қию сызығы)

Азамат _____ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындауға_____ өтініші қоса берілген құжаттармен № ____ болып тіркелді, өтініш тіркелген күн:

20___ жылғы "___" _____ (өтінішті Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде тіркеген күннен бастап қызметті алу күні): 20__ жылғы "___" _____ __.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлауға келісім беремін.

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және қолы

_____

Мүгедектігі бойынша
мемлекеттік әлеуметтік
жәрдемақылар мөлшерін есептеу
(анықтау), оларды тағайындау,
төлеу, тоқтата тұру, қайта
есептеу, қайта бастау, тоқтату
және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 31.12.2025 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ аудан коды

Қазақстан Республикасы _____ облысы (қаласы) бойынша

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Департаменті

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының

_____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Өтініш

Азамат_____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген:

_____

Берілген күні _____ жылғы "___" _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы _____

Облыс _____

қала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер _____

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: _____

Маған, мүгедектігі бар балаға, қамқорлықтағы бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға (қажетінің асты сызылсын) _____

_____

(заңды өкілі өтініш берген жағдайда мүгедектігі бар адамның санаты, баланың/ бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе қамқорлықтағының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) туған жылы көрсетіледі) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақыны, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді (қажетінің асты сызылсын) тағайындауды сұраймын.

Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адам туралы мәліметтер:

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы: _____

облысы_____ қаласы _____ ауылы _____

көшесі (шағынауданы) __ - үй _____ - пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шоттың түрі: _____

Бұдан бұрын маған мүгедектіктігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы/зейнетақы, жасына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері, оның ішінде Қазақстан Республикасының тыс жерлерде тағайындалған/ тағайындалмаған (қажет емесі сызылып тасталсын).

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осындай өзгерістердің туындаған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде хабарлауға келісім беремін.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

Әлеуметтік төлем сомасынан міндетті зейнетақы жарналарын ұстауға келісім беремін (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген адам толтырады): иә/жоқ

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің деректерімді беру, оның ішінде деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру құқығымен төлемді тағайындау, қалпына келтіру, қайта есептеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес Мемлекеттік корпорациясының өз міндеттемелерін орындауы кезінде менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін кез келген тәсілмен жинауға және өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Банк шотының иесі ретінде өзім туралы, екінші деңгейдегі банктердегі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк шотын ашу кезінде, осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуына жол берілмейді.

Төлеуші ұйымның байланыс телефоны, орналасқан жері

_____

Өтініш берушінің, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамның байланыс деректері: үй телефоны _____ ұялы

телефон _____ E-mail _____ өтініш берген күн: 20__ жылғы "___" _____

Өтініш берушінің қолы/ЭЦҚ/ sms-хабарламалар_____

Өтінішке қол қою мерзімі мен уақыты

"___"._____._____жылғы____сағат ____ минут ____ секунд

_____

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда және қолы)

---------- (қию сызығы)

Азамат _____ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындауға_____ өтініші қоса берілген құжаттармен № ____ болып тіркелді, өтініш тіркелген күн:

20___ жылғы "___" _____ (өтінішті Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде тіркеген күннен бастап қызметті алу күні): 20__ жылғы "___" _____

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлауға келісім беремін.

_____

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және қолы)

Мүгедектігі бойынша
мемлекеттік әлеуметтік
жәрдемақылар мөлшерін есептеу
(анықтау), оларды тағайындау,
төлеу, тоқтата тұру, қайта
есептеу, қайта бастау, тоқтату
және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау
қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы тағайындау
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) көрсетілетін қызметті беруші – мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны (бұдан әрі – жәрдемақы) тағайындау үшін; 3) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет).
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Мемлекеттік корпорация, көрсетілетін қызыметті беруші, портал және ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы 7 (жеті) жұмыс күні. Портал немесе ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы жалпы ауруға шалдығу немесе жұмыста мертігу себептері салдарынан мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындауға жүгінген жағдайда – 1 (бір) жұмыс күні. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы хабардар етуі үшін 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады; порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат алу үшін – цифрлық жүйеге электрондық

		сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут. Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; көрсетілетін қызметті берушіде – күту уақыты талап етілмейді. Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған) және (немесе) қағаз түрінде және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін проактивті түрінде
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Әлеуметтік кодекстің 171-бабы 4-тармағының екінші бөлігімен бекітілген Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (анықтау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 13-қосымшаға сәйкес нысанда жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама. Байланыс абоненттік құрылғысы арқылы (проактивті қызмет) қызмет көрсету кезінде қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
		1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа,

		дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің және цифрлық объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес сағат 8.00-ден 17.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ге дейін. Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау графигі: сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызметінсіз көрсетіледі. 2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбіде 9.00-ден 13.00-ге дейін. Қабылдау "электрондық кезек тәртібінде", жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті порталы арқылы брондауға болады. 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған: 1) Министрлік – https://www.gov.kz/memleket/entities/
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	

		enbek, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімі 2) Мемлекеттік корпорация – https ://www.gov4c.kz.
		Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және мынадай құжаттар ұсынады: 1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетел азаматының ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін талап етіледі); 2) мүгедектік бойынша анықтама. Болуына қарай мынадай құжаттардың біреуі ұсынылады: 1) Радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық кеңестің шешімі; 2) Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі; 3) госпиталь берген ауруы туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы; 4) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) ; 5) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы

		куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы (қамқоршы) тегін өзгерткен кезде). Қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенде, қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжатты ұсынады. Егер заңдар мен халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, " Құжаттарды заңдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйр ығына сәйкес (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізбесінде № 16116 тіркелген) шет мемлекеттің құзыретті мекемесі берген немесе куәландырған не осы тұлғаға арнайы уәкілеттік берілген, оның құзыреті шегінде және ол белгілеген нысан бойынша шет мемлекеттің ресми мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәландыру рәсімінен (заңдастыру немесе апостильдеу) өткеннен кейін ғана қабылданады. Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1 -тармағының 9) тармақшасына, 80 -бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Құжаттарды ұсыну, оларды мемлекеттік цифрлық жүйелерден, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкін болса талап етілмейді. Порталға: мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін – мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтініш портал арқылы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында;

		мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы өтініш берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі көрінеді. Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бірреттік құпиясөзді беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы алады. Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау үшін: көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну. Жеке басты куәландыратын, мүгедектікті растайтын құжат, Радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық кеңестің шешімі, Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі, госпиталь берген ауруы туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал

		актілерін тіркеу туралы анықтама) , неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы (қамқоршы) тегін өзгерткен кезде) құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі	Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін белгілеу; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған құжаттардың, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған себептерді жойғанда, көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді
		Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік

		қызмет мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы тағайындау үшін "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды проактивті қызмет тағайындау қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша ұсынылады, оны көрсету үшін ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы ұсынылған қызметті алу субъектісінің міндетті келісімі қажет. Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар 1414 бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті берушіде мемлекеттік қызмет: 1) тиісті өңірдің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшелерінің (арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында және (немесе) медициналық-әлеуметтік сараптама әдіснама және бақылау бөлімдерінің) орналасқан жері бойынша; 2) көшпелі отырыстарда: көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты (тіркелген) жеріндегі емдеу-профилактикалық мекемелер базасында; мамандандырылған мекемелерде емделіп жатқан орны бойынша;
	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда	

12	және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	көрсетілетін қызметті алушының барған жері бойынша түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында; үйде, стационарда – егер адам дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша медициналық-әлеуметтік сараптамаға келе алмайтын болса; 3) сырттай – куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және/немесе қызмет көрсетілетін өңірден тыс жерде стационарлық емделуде жүрген болса, куәландырылатын адамның немесе заңды өкілінің келісімімен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" айқындалған құжаттарды ұсыну негізінде көрсетеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ 1414 бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттардың сервисі мобильдік қосымшалар мен пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильдік қосымшаларда және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, одан әрі "Цифрлық

		құжаттар" бөлімінде кейін пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (анықтау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 4-қосымша Нысан

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__жылғы "___" _____

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Туған күні _____ жылғы "___" _____

Өтініш берген күні 20__ жылғы "___" _____

Уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесі бойынша тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактісі расталды

_____

_____

(жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы)

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (анықтау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 5-қосымша Нысан

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ _____ қолхат

20__ жылғы "___" _____

Азамат _____ _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Туған күні _____ жылғы "___" _____

Қамқоршы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Жүгінген күні 20__ жылғы "___"_____

Құжаттардың толық топтамасын, төлем тағайындау үшін талап етілетін цифрлық жүйелерден алынатын мәліметтерді ұсынбау және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсыну төлемге құқығының болмауы, себебі бойынша тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тартылды.

_____

(жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы)

Мүгедектігі бойынша
мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақылар
мөлшерін есептеу (анықтау),
оларды тағайындау, төлеу, тоқтата
тұру, қайта есептеу, қайта бастау,
тоқтату және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту) туралы
шешімді қайта қарау
қағидаларына 6-қосымша
Нысан

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға тағайындау (қайта есептеу) туралы азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өтініштің №	Тіркеу күні	Жүгіну күні	Бөлімше коды	Істің №	Өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмері	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Төлем түрі	Мамандық	Шешімнің / тағайындаудан бас тарту күні	Жәрдемақының мөлшері	Тағайындау күні	Тағайындау түрі

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік

әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін
есептеу (анықтау), оларды
тағайындау, төлеу, тоқтата тұру,
қайта есептеу, қайта бастау,
тоқтату және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта
қарау қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналы

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

МӘС және портал арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер

Өтінімнің келіп түскен күні	Өтінімнің келіп түскен уақыты	Өтінім №	Бөлімше	Қызметтің коды	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Мәртебесі	Негіздеме (төлемнің түрі)	Бас тарту себебі

Мүгедектігі бойынша
мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін
есептеу (анықтау), оларды тағайындау,
төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу,
қайта бастау, тоқтату және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту) туралы
шешімді қайта қарау қағидаларына
8-қосымша

"Цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға өтініш

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өтініш беруші туралы мәліметтер (белгілеу қажет):

Азамат _____ атынан

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мүгедектігі бар адам _____ қамқоршы (қорғаншы) _____ заңды өкілі _____

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі ЖСН _____

Маған мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауды

сұраймын. Мемлекеттік органдардың растауы:

Өтініш берушінің деректері:

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні _____ жылғы "____" _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы _____

Облыс _____

қала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй _____

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалған бала туралы

мәліметтер (мүгедектігі бар бала болған жағдайда):

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): _____ _____

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

Мүгедектіктің болуы туралы мәліметтер:

Р/с №	Мүгедектігі бар адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	ЖСН	Туған күні, айы, жылы	Мүгедектік белгілену күні	Мүгедектік белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасы №
1					

Мүгедектігі бар адам адамға қамқоршы болуы туралы мәліметтер (бар болса):

Р/с №	Қамқоршы болу туралы шешімнің күні және нөмірі немесе әрекетке қабілетсіз/ қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы соттың шешімі	Шешімді берген орган	Қамқоршының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні	Қамқорға алынған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Қамқорға алынған адамның туған күні
1					

Банк деректемелері Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: _____

Екінші деңгейдегі банктің деректемелері:

БСК _____

ЖСК _____

БСН _____

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау туралы хабарлама алуға келісім беремін.

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің тоқтауына, тоқтата тұрылуына, өзгеруіне алып келетін барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлау қажеттігі туралы хабардармын.

Жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне/тоқтауына алып келетін барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк шоты ашылған жағдайда, осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жол берілмейді.

Ұсынылған деректердің дәйектілігіне құқықтық жауапкершілікте боламын.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

Өтініш беруші туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен (бұдан әрі – ҚР Әділетмині) расталады _____

(ҚР Әділетмині ЭЦҚ)

Өтініш берушінің банк деректемелерін екінші деңгейлі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) растайды

_____ (ЕДБ ЭЦҚ-сы)

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда):

ЭЦҚ _____

Өтінішке қол қойылған күні және уақыты:

___ жылғы "___" _____

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін
есептеу (анықтау), оларды тағайындау,
төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу,
қайта бастау, тоқтату және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту) туралы
шешімді қайта қарау қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының sms-хабарлар журналы

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік корпорацияның _____ бөлімшесі бойынша

Р/с №	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Істің №	Төлемнің түрі	sms-хабар жіберу күні	Телефон нөмірі	Маман

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (анықтау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 10-қосымша

Нысан

19. Жәрдемақыны проактивті қызмет арқылы тағайындаған кезде қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ сұрау салу осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарымен көзделген "Е-макет" АЦЖ арқылы жүзеге асырылады.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемді тағайындау фактісін растайтын мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органдардың ЦЖ арқылы алынған кезде мемлекеттік қызмет көрсету процесі аяқталады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі электрондық мәліметтерден тұратын электрондық өтінімді тіркейді, электрондық шешім жобасымен ЭІМ қалыптастырады және ЭЦҚ куәландырады.

3-тарау. Жәрдемақы мөлшерін есептеу (анықтау), төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қалпына келтіру, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібі

21. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны бір жұмыс күні ішінде тағайындауға ЭІМ-ді және шешім жобасын қалыптастырады.

Қалыптастырылған ЭІМ жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, ЭІМ-ді ресімдеудің және жәрдемақыны есептеудің дұрыстығын тексереді.

22. Жәрдемақы мөлшері Әлеуметтік кодекстің 236-бабына сәйкес анықталады.

23. Жәрдемақыны тағайындаған және олардың мөлшері өзгерген кезде тиындармен есептелген барлық сома, тиындардың сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады.

Ескерту. 23-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 02.07.2026 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Жәрдемақы тағайындау мерзімі өтініш барлық қажетті құжаттармен қоса Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күннен бастап немесе Заңға сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алынған күннен бастап жеті жұмыс күнінен аспайды.

Асыраушысына айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы жәрдемақы тағайындауға құқығы туындаған күннен бастап, бірақ оны тағайындауға барлық қажетті құжаттармен өтініш жасалған күнге дейін немесе Заңға сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алынған күнге дейін он екі айдан аспайтын мерзім үшін тағайындалады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган келіп түскен ЭІМ-ді қарайды және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақыны ЭІМ-ге түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды .

Бас тарту үшін негіздеме анықталғанда, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге жәрдемақы тағайындаудан (төлемді өзгертуден, қалпына келтіруден) бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Өтініш берушінің алдын ала шешім бойынша қарсылығын зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган тыңдау нәтижелері бойынша тағайындау (төлемді тағайындаудан, қайта бастаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қарау мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей қарау нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Егер жәрдемақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге қосымша құжаттарды қоса тіркеу қажет екені анықталса зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган ЭІМ-ні қайтарады және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы хабарлама жібереді. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабарлама немесе ұялы телефонға sms-хабарландыру алған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну туралы, оның ішінде ұялы телефонға

sms-хабарландыру жіберу арқылы хабардар етеді. Sms-хабарландырулар осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілетін асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметті жәрдемақыға sms-хабарландырулардың электрондық журналында тіркеледі.

Өтініш берушіге хабарлама жіберілгеннен кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ЭІМ-де бар деректер негізінде шешімнің электрондық жобасын қалыптастырады және жәрдемақы тағайындау туралы шешім қабылдау үшін зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Егер жәрдемақы тағайындау үшін талап етілген құжаттар отыз жұмыс күні ішінде ұсынылса, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақы төлемдеріне құқық пайда болған күннен бастап төлемді тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешімнің электрондық жобасын зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекіту үшін жібереді.

ЭІМ-де, оның ішінде портал арқылы қабылданған өтініштер бойынша жәрдемақы тағайындау (төлемді өзгерту, қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін жетіспейтін құжат болмаған жағдайда, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

27. Асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметті жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылданған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметті жәрдемақыға хабарламалар журналына тіркей отырып, оны өтініш берушінің өзі келген кезде береді.

Егер жәрдемақы тағайындауға өтініште мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлар жіберу арқылы автоматты режимде жолданады.

Асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметті жәрдемақыға sms-хабарлар осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

Порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

28. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші жүгінген кезде қол қойдыра отырып осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес беретін куәлік алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылады.

Куәлікті беру осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлікті тіркеу журналында тіркеледі.

Куәлікті алуға үшінші тұлғалар жүгінген жағдайда куәлік Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша беріледі.

Куәлігін жоғалтқан жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының өтініші бойынша куәліктің телнұсқасын жазып береді. Оң жақ үстіңгі бұрышына " Телнұсқа" деген белгі қойылады.

Жәрдемақының түрі немесе мөлшері өзгерген не тұрғылықты жері өзгерген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі куәлікке қосымша бетте жүргізілген өзгерістер туралы тиісті жазба жасайды.

29. Жәрдемақыны тағайындаудан бас тарту туралы шешім мынадай негіздер бойынша қабылданады:

1) жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) жәрдемақы тағайындау үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.

30. Көрсетілетін қызметті алушы ҚР ӘРПК 91-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға құқылы.

31. Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға беріледі.

32. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі жоғары тұрған әкімшілік органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жібереді.

33. Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

34. Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін қызметті берушіге түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ҚР ӘРПК-нің 73-бабымен көзделген тыңдау рәсімін сақтай отырып қарауға жатады.

36. Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік тәртіппен (сотқа дейінгі) шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арттыруға, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты жәрдемақы мөлшерін өзгерту осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерінің артуы туралы шешімдерінің негізінде жүргізіледі.

39. Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) адам үшін төлем алатын қорғаншы (қамқоршы) ауысқан жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау, қайта есептеу, тағайындау туралы шешімді қайта қарау (қайта бастау немесе тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын дайындайды.

Алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген кезде ОДБ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 02.07.2026 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның жәрдемақы тағайындау туралы шешімдерінің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған жәрдемақылар сомаларын ай сайын, төлем айының алдындағы айдың 27-күніне Министрлікке ұсынылатын, төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.

41. Уәкілетті мемлекеттік орган тиісті кезеңге төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде төлеуге қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.

42. Министрлік төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сома шегінде жүзеге асырады.

43. Төлейтін айға қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін пайда болған сомалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес одан кейінгі айға қосылуға тиіс.

44. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алып, төлеу графигіне сәйкес жәрдемақыны төлеуге төлем тапсырмаларын, сондай-ақ жәрдемақыдан ұстап қалуларды қалыптастырады.

45. Жәрдемақыны төлеуді Мемлекеттік корпорация:

баланы (балаларды) қабылдайтын отбасыға беру туралы және (немесе) патронат туралы шарт бойынша отбасындағы балаларға жәрдемақыны аудару баланың өз шотына жүзеге асырылады;

зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына аудару;

"Қазпошта" акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушыларға үйлеріне жеткізіп беру жолымен жүргізеді.

Алушының банк шотының нөмірі, төлеу тәсілі, алушының (қамқоршының, қорғаншының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар, қорғаншылар) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе зейнетақы және жәрдемақы беру бойынша уәкілетті ұйымның бөлімшесіне осы өзгерістер туралы, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен қоса өтініш береді.

Зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның ЭЦҚ-сымен куәландырылған алушының келісімі болған кезде банк шотын және (немесе) төлем тәсілін өзгертуге өтінішті және банк шотының нөмірін зейнетақы және жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым Мемлекеттік корпорацияға, оның ішінде электрондық байланыс арналары арқылы береді.

46. Жәрдемақыны үйге жеткізіп беру мынадай санаттағы адамдарға:

Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдар мен қатысушыларына;

сексен жасқа толған жәрдемақылар алушыларға;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

почта байланысының автоматтандырылған бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

47. Алушыларға жәрдемақыны төлеу бойынша өзара қарым-қатынас, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзгеше белгілемесе, Мемлекеттік корпорация мен банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалған шарттар негізінде регламенттеледі.

48. Жәрдемақыны төлеумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

49. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидалардың 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемін тоқтата тұру туралы шешімінің Әлеуметтік кодекстің 238-бабының 1-тармағында көзделген негізінде мәліметтер, соның ішінде цифрлық жүйелерден келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады
.

Қайтыс болған асыраушының балаларын, аға-інілерін, апа-сіңлілерін (қарындастарын) немесе немерелерін бағып-күтумен айналысатын адамдарды жұмысқа орналастыру фактісінің анықталуына байланысты жәрдемақы тоқтатылған кезде төлем асырауында қалғандарды ескере отырып қайта қаралады.

Жәрдемақы төлеуді уақтылы тоқтата тұруды қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті осы Қағидаларға 17-1-қосымшаға сәйкес іздестіруде жүрген хабарсыз жоғалған адамдардың электрондық тізімдерін ай сайын Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 31.12.2025 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруды тудырған жағдайлардан болуын растайтын соның ішінде цифрлық жүйелерден алынған құжаттар мен (немесе) мәліметтер негізінде өтініш бойынша қалпына келтіреді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемін тоқтату туралы шешімінің Әлеуметтік кодекстің 238-бабының 3-тармағында көзделген негізінде мәліметтер, өтініштер мен сұратулардың келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады.

Өтініш берушінің негізсіз бастапқы тағайындауға алып келген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталу себебі бойынша жәрдемақыны төлеу

тоқтатылғанда осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жаңа тағайындау процедурасы жүргізіледі.

Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің негізсіз бастапқы тағайындауға алып келген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталу себебі бойынша төлемді тоқтату туралы шешім бекітілген кезде алушы тарапынан заңсыз жәрдемақы алуда қылмыс құрамының болуы немесе болмауы фактісін белгілеу үшін құқық қорғау органдарына жүгінеді.

Жалған құжаттар ұсыну туралы сот шешімін шығарған кезде жәрдемақыны төлеу бастапқы тағайындау кезінен бастап тоқтатылады.

Жәрдемақы төлеуді уақтылы тоқтатуды қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері (бұдан әрі - шет елдегі мекемелер) осы Қағидаларға 18-1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматының қайтыс болуы туралы мәліметтерді шет елдегі мекемелерге келіп түсуіне қарай Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 31.12.2025 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Уәкілетті орган азаматтарды хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану туралы сот шешімдерінің күшін жою мәселесі бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінен хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп танылған адамның 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аудару немесе азаматтың тірі болу фактісін растайтын дәйекті ақпарат келіп түскені туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа жүгінеді.

Сонымен бірге уәкілетті орган төлемді тоқтата тұру туралы шешімді бекітеді және жәрдемақыны заңсыз алуда алушы тарапынан қылмыс құрамының болу немесе болмау фактілерін анықтау үшін құқық қорғау органдарына жүгінеді.

Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану не өлді деп жариялау туралы бұрын шығарылған сот шешімінің күшін жою туралы сот шешімін шығару кезінде жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап тоқтатылады.

53. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыдан ұстап қалуға атқарушылық іс жүргізу құжаттары келіп түскен жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ОДБ-да ұстап қалуды жүргізеді.

Алушының жәрдемақысынан ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттің корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы сомасын ұстап қалу туралы шешімі негізінде ұстап қалуды жүргізеді.

54. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің қызметкерлері қайтыс болу, кету фактілері туралы төлемді тоқтата тұру немесе алып тастау, төлемді қалпына келтіру, сондай-ақ алушылардың қайтыс болуына, кетуіне, төлемдерді тоқтата тұруға байланысты қажеттілік сомаларын азаю жағына қарай түзету жөніндегі негіздемелер, іс-әрекеттер белгіленген ұстап қалу сомалары туралы ОДҚ-да күн сайын жазбалар жасайды.

1-параграф. Тұрғылықты жері өзгерген кезде жәрдемақы төлеу тәртібі

55. Қазақстан Республикасы ратификациялаған зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдерге қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген мүгедектігі бойынша зейнетақы (жәрдемақы) алшылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде тұрғылықты жерін ауыстырған жәрдемақы алушылар осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы ісіне сұрау салуға өтініш береді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақы ісіне сұрау салуды өтініш берушінің бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

56. Қазақстан Республикасы ратификациялаған зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдерге қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидалардың 5, 7 және 8-тармақтарында көзделген құжаттарды зейнетақы ісі түскен соң ұсынады.

57. Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне кеткен адамның жәрдемақы алушының ісі (бар болса) Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің электрондық сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күн ішінде алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электронды сұрау салу жолдайды.

Алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі сұрау салу келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық анықтама-аттестатты қалыптастырады және филиал арқылы алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жолдайды.

58. Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініші негізінде жәрдемақы алушының ісін алушының қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ЭІМ негізінде осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы алушының ісінің қағаз нұсқасын қалыптастырады және алушының қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетушілерге жәрдемақы төлеу ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарылған айға қоса жүргізіледі.

59. Жәрдемақының артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ-дан алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Жәрдемақының сомалары қате аударылған жағдайларда Мемлекеттік корпорация зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға Мемлекеттік корпорация және зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасындағы шартта белгіленген нысан бойынша және тәсілмен төлем тапсырмасын кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпарат жолдайды.

Зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым қате аударым не кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпараттың негізінде ақшаны Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не нұсқауды орындауды тоқтата тұрады.

61. Өздеріне қатыссыз себептер бойынша алушыларға артық аударылған (төленген) жәрдемақы сомаларын есептен шығару үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі борышкердің қайда екені белгісіз болуына, борышкердің (жауапкердің) жеке басын анықтау мүмкіндігінің немесе мұрагері болмауына байланысты сомаларды қайтару мүмкін еместігі туралы заңды фактіні белгілеу туралы сот актісін шығару үшін өтінішпен қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен сот органдарына жүгінеді.

Мемлекеттік корпорация артық аударған (төлеген) сомаларды есептен шығару:

сот актілері (шешімдер, үкімдер, қаулылар, соның ішінде негізсіз баю ретінде алған ақшалай қаражатты қайтаруға жатпайтын сияқты азаматтық заңнамадағы белгіленген негіздер бойынша артығымен аударылған (төленген) сомаларды төлеттіру туралы

қуыным талабын орындауда, сондай-ақ талап қою мерзімін қолдануда бас тарту туралы ;

жауап берушінің (қарыз алушы, айыпталушы) қайтыс болуына байланысты іс бойынша өндірістің тоқтауы туралы сот актілері (қаулылар, анықтаулар);

борышкердің қайтыс болуына және мұрагері болмауына байланысты атқарушылық өндірісті тоқтату туралы жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу жөніндегі аумақтық бөлімнің қаулысы негізінде есептен шығару актісі бойынша жүргізіледі.

62. Жәрдемақыны төлеу жүзеге асырылатын жәрдемақы алушылардың істері (қолданыстағы істер) қолданыстағы істер архивінде сақталады.

ЭІМ уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-де тұрақты түрде сақталады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған жәрдемақы алушылардың істері алушының өзі немесе отбасының мүшелері (мұрагер) жүгінгенге дейін "Бақылауда" деген белгімен қолданыстағы істерден бөлек сақталады.

64. Жәрдемақы алушы ісінің телнұсқасын қалпына келтіру зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде жүргізіледі.

Жәрдемақы алушылар істерінің қалпына келтірілген телнұсқасының мұқабасында оң жақ үстіңгі бұрышына "Телнұсқа" деген белгі қойылады.

65. ЦЖ олардың тағайындалуына сәйкес ЦЖ үзіліссіз жұмыс істеуі мен өзектілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтамасыз етеді. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дәйектілігін, өзектілігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық өзара іс-қимыл ЭЦҚ қолдана отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасындағы Бірыңғай көлік ортасы арқылы жүзеге асырылады. Ақпарат алмасу кезінде ақпаратты қорғау мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған көлік ортасы есебінен де, сол сияқты техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар есебінен де қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін ЦЖ-да мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарға жәрдемақы төлеу тәртібі

67. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жәрдемақы алуға құқығы бар адамға жәрдемақы өтініштің және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне мекеме әкімшілігі ұсынатын, осы Қағидалардың 5 және 7-тармақтарында көзделген құжаттардың негізінде тағайындалады.

68. Егер адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне орналастырылған сәтте жәрдемақы алушы болып табылса, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорация қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі осы Қағидалардың 55 және 57-тармақтарына сәйкес ұсынған, көрсетілген адамның өтініші негізінде жәрдемақы төлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

69. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының жеке ісін алғаннан кейін жәрдемақыны аудару үшін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының деректемелерін көрсете отырып оны есепке қояды.

3-параграф. Интернаттық және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға жәрдемақыны төлеу тәртібі

70. Қамқоршы (қорғаншы) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне адамды іс-әрекетке қабілетсіз (іс-әрекетке қабілеті шектеулі) деп тану туралы және қамқоршылық және қорғаншылық белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесін не қамқоршылық және қорғаншылық органының шешімін және қамқоршылықты (қорғаншылықты) растайтын құжатты ұсынады.

Интернаттық мекемелерде (ересектерге арналған немесе ақыл-есі кем балаларға арналған жалпы және арнаулы үлгідегі интернат-үй және басқалар) және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақы төлеуді осы Қағидалардың 55 және 57-тармақтарына сәйкес алынған құжаттар негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға тіркелген күніне дейінгі кезеңге төленбеген жәрдемақы сомалары алушының банк шотына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

71. Мемлекеттік корпорация жәрдемақыны (төлеу айына қажеттілік қалыптастырылғаннан кейін пайда болған сомаларды) төлеуді Әлеуметтік кодекстің 237-бабының 2 және 3-тармақтарында айқындалған мөлшерде және көлемде мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында түскені (одан шыққаны) туралы ақпарат ЦЖ-ға енгізілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Әлеуметтік кодекстің 237-бабының 2-тармағында белгіленген жәрдемақының көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға жәрдемақы сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тіркелген күніне дейінгі кезеңге төленбеген жәрдемақы сомалары алушының банк шотына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ алушының шыққаны туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қалпына келтіреді.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратын адамдарға және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға жәрдемақы зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған олардың банк шоттарына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

Асыраушысынан айырылу
жағдайы бойынша мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін
есептеу (айқындау), оны
тағайындау, төлеу, тоқтата тұру,
қайта есептеу, қайта бастау,
тоқтату және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 31.12.2025 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің облысы (қаласы) бойынша департаменті

Өтініш

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні _____ жылғы "___" _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы _____

Облыс _____

қала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер_____

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: _____

Маған _____ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауды (қалпына келтіруді) сұраймын.

Асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға өтініш бергенде асырауындағы адам саны көрсетіледі.

Бұрын маған асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы/зейнетақы, жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тағайындалған/ тағайындалмаған (қажет емесі сызылып тасталсын).

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне алып келетін барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлауға келісім беремін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аудару үшін жеке банк шоты ашылғанда, осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуына жол берілмейді.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескерту
1			

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің деректерімді беру, оның ішінде деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру құқығымен төлемді тағайындау, қалпына келтіру, қайта есептеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес Мемлекеттік

корпорациясының өз міндеттемелерін орындауы кезінде менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін кез келген тәсілмен жинауға және өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Өзімді банк шотының иегері және екінші деңгейдегі банктердегі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті банк операцияларының түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірлері туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

өтініш берген күн: 20__ жылғы "___" _____

өтініш берушінің қолы/ЭЦҚ/sms-хабарламалар _____

Өтінішке қол қою мерзімі мен уақыты

"___"._____._____жылғы____сағат ____ минут ____ секунд

---------- (қию сызығы)

Азамат _____ өтініші

№ _____ болып тіркелді.

Құжаттар қабылданған күн 20__ жылғы "___" _____

_____

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және қолы)

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Білім беру ұйымының бұрыштама мөртабаны берілген күні, шығыс №_____

Білім беру ұйымының анықтамасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азамат _____

(білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған жылын көрсете отырып,
ЖСН) ол іс жүзінде

_____
(оқу орнының толық атауы және мекенжайы)

_____
_____ сыныбының/курсының оқушысы болып табылады
Топтың, литердің атауы, топ коды_____
Оқыту түрі_____
Анықтама 20___/20___ оқу жылына жарамды.
Анықтама талап ету орыны бойынша ұсыну үшін берілді.
Білім беру ұйымындағы оқу мерзімі ___ жылғы оқу кезеңі ___ жылғы "___" ____ -нан (-нен)
__ жылғы "__" _____ дейін.
Ескертпе: анықтама өтініш беру кезінде жарамды.
Білім беру ұйымының мөрі басылатын орын
Білім беру ұйымының басшысы _____

_____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы немесе ЭЦҚ)

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау,
төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу,
қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.05.2026 № 190 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі.		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ

3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" " мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	7 (жеті) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы хабардар етуі үшін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады; порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат алу үшін – цифрлық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут. Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған) және (немесе) қағаз түрінде, проактивті
		Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Әлеуметтік кодекстің 230-бабы 4-тармағында көделген Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 13-қосымшаға сәйкес

7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	нысан бойынша жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау туралы хабарлама. Байланыс абоненттік құрылғысы арқылы (проактивті қызмет) қызмет көрсету кезінде қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің және цифрлық объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі. 2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбіде 9.00-ден 13.00-ге дейін. Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "электрондық кезек тәртібінде", жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады,

		электрондық кезекті порталы арқылы броньдауға болады. 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға өтініш берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі келесі жұмыс күні жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған: 1) Министрлік www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; 2) Мемлекеттік корпорация - www.gov4c.kz..
		Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді және мынадай құжаттар ұсынады: 1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетел азаматының ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін талап етіледі); 2) асыраушының қайтыс болуы туралы куәлік немесе хабарлама немесе адамды хабар ошарсыз кетті деп (қайтыс болды) тану туралы соттың шешімі;

		3) асырауындағының қайтыс болған адаммен туыстық қатынасын растайтын (тууы туралы, некеге тұру, некені бұзу, әкелігін анықтау (аналығын) туралы куәлік). Болуына қарай, мынадай құжаттар ұсынылады: 1) азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі органдардың (егер туу туралы куәлікке әкесі туралы мәліметтер анасының мәлімдеуі бойынша енгізілсе) анықтамасы; 2) егер он сегіз бен жиырма үш жас аралығындағы асырауындағы адамдар күндізгі оқу бөлімінің оқушылары болып табылса, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасы (жыл сайын беріледі); 3) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу туралы құжат; 4) қаза тапқан (қайтыс болған) адамның әскери билеті не әскери қызмет өткергені туралы анықтамасы; 5) әскери қызметшінің, ішкі істер органдары және Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің қазасы немесе өлімі қызметтік міндеттерін атқару немесе әскери қызметін өткеру кезінде жарақат алу, контузияға ұшырау, мертігу, ауру салдарынан болғанын растайтын құжат. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау кезінде қайтыс болған асыраушының сегіз жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысатын адам жыл сайын еңбек қызметін тоқтатқаны туралы жазбасы бар еңбек кітапшасын, ол болмағанда Мемлекеттік корпорация цифрлық жүйелерден адамның дара кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы және автоматтандырылған цифрлық жүйеден міндетті зейнетақы жарналарын және (

